

## **Банктегі банктік шоттар шарты бойынша заңды тұлғалар үшін қызмет көрсету талаптары**

### **I. Кіріспе**

1. Банк ұлттық және шетел валюталарында банктік операцияларын іске асыруға тиісті түрде уәкіл ете отыра өз қызметін банктік іс пен іскерлік айналым әдеттерінің халықаралық стандарттар негізінде және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

2. Осы Банкте банктік шот бойынша қызмет көрсету Талаптары (әрі қарай мәтін бойынша «Талаптар») 2017 жылғы 24 сәуірдегі Директорлар Кеңесінің № 90 Шешімімен бекітілген және өз күшіне Тараптарға қол қойылған күннен бастап енеді.

3. Осы шарттар банктік шотты ашу, жүргізу, жабу, төлемдер мен аударымдарды іске асыруымен байланысты Банк пен Клиент арасындағы қарым-қатынасты, сонымен қатар Талаптарда ескерілген банктік қызмет көрсетудің өзге де мәселелерін реттейді.

4. Осы Шарттар Клиенттің Банкте ашқан барлық шоттар келісімдеріне және сол келісім негізінде ашылған шоттарға қолданылады. Банк Клиенттен нақты қызмет көрсеткен жағдайда ғана мөлшерлер, Олар Банктің барлық Клиенттеріне олардың келісімі, сақтауы, жетекшілігі мен жайлылығы үшін табысталады немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда ескеріледі.

5. Осы шарттар олардың негізінде жасалған барлық Банктік шот шарттарына қолданылады. Банк Клиенттен іс жүзінде көрсеткен қызметтері ғана үшін мөлшерлемелер, тарифтер мен комиссияларды нақты Тарифтерге сәйкес қабылдайды.

6. Банктің басқа қызметтері салым қабылдау, кепілдіктерді беру, аккредитивтерді ашу, банктік қарыз операциялары, құнды қағаздармен байланысты операцияларды қоса ала, бірақ олармен шектелмей, Банктің арнайы шарттары мен талаптар негізінде реттеліп, үйлестіріледі. Осы Талаптар осындай қызметтерге арнайы шартқа қайшы келмейтін бөлімде қолданылады.

7. Осы Талаптар Келісім Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, және Клиенттің Талаптарға қолын қоюы осы Талаптарды толық көлемде қандай болмасын ескертулер мен қарсылықтарсыз қабылдағанын, оқып, түсінгенін сонымен қатар оның барлық қағидаларын уақытылы мен толық көлемде орындауын міндетіне алғанын куәландырады. Осы Талаптарды орындамау Шотты жүргізуді уақытша тоқтатуға және/немесе Шартты бұзу негіздемесі болып табылады.

Бұрын қол қойылған Банктік шот шарттарына қатысты Банктік шот шартының ажырамас бөлігі және Клиент қабылдаған барлық бұрынғы Талаптарды алмастыратын осы Талаптар қолданылады.

8. Осы Талаптардың мәтінінде бас әріппен пайдаланылатын терминдер, егер тікелей мәтінде басқаша түсініктеме болмаған жағдайда, осы Талаптар және/немесе Шартта берілген түсінікке ие.

9. Осы Талаптардың мәтіні бойынша мерзімдерді белгілеу кезінде мерзімді Жұмыс күндерімен есептеу қажеттілігі тікелей көрсетілмеген жағдайда, осындай мерзім күнтізбелік күндермен есептеледі. Егер де дата немесе мерзімнің соңғы күні жұмыс істелмейтін күнге келсе, мерзім аяқталған күні болып содан кейінгі келесі Жұмыс күні есептеледі.

### **II. Анықтамалар**

Осы Талаптардың мәтінінде бас әріппен пайдаланылатын терминдер тікелей осы Талаптардың мәтінінде және/немесе тиісті Шартта басқаша мәнге нұсқау болған жағдайлардан басқа, осы Бапта берілген анықтамаларға ие.

#### **БАНК**

«ЭкспоКредит Банкі» АҚ, оның филиалдарын, бөлімшелер мен қызметкерлерін білдіреді.

#### **ҮЗІНДІ**

Банктің Клиентке берілген есеп шоттағы белгілі кезеңіндегі кредиттік/дебеттік операциялар жайлы мәліметтерді және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да тиісті түрде рәсімделіп көрсетілген

ақпараттарды білдіреді. Үзінді ескертулердің бір түрі болып табылады және есепшот қозғалыстарының ақиқаты ретінде қызмет көрсетеді. Жұмыс күннің үзіндісінде көрсетілген операциялар, орындалған болып есептеледі.

**ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА**

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерден тұратын және белгіленген тәртіппен қабылданған заңнамасын білдіреді.

**АҚША**

Кез келген валютадағы қолма-қол және қолда жоқ ақшаны білдіреді.

**БАНКТИК ШОТ ШАРТЫ / ШАРТ**

Оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Талаптар және/немесе осы Талаптар алмастырған бұрын қолданыста болған Талаптар негізінде Банк пен Клиент арасында жасалған, Шотты ашу, жүргізу мен жабуға байланысты Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттерін реттейтін шартты білдіреді.

**ҚОЛТАҢБА ҮЛГІЛЕРІ БАР ҚҰЖАТ**

Клиенттің Уәкілетті өкілдері туралы мәліметтерін қамтыған, олардың алғашқы және/немесе екінші қолтаңба (қолтаңбалар) және мөрдің баспа-таңбасының (бар болған жағдайда) үлгілері бар және Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес рәсімделген белгіленген үлгідегі құжатты білдіреді.

**КЛИЕНТ**

Осы Талаптарға және Шартқа сәйкес Шот (Шоттар) иесі – заңды тұлға немесе заңды тұлғаның оқшау бөлімшесін (филиалды, өкілдікті) білдіреді.

Клиент: \_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

Ұсынылған: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КҮН**

Жұмыс күнінің Алматы уақытының операциялық сағаттарымен белгіленген уақыт кезеңін білдіреді. Операциялық күн Банк пен Банк филиалдарының іске асырылатын операциялар/ көрсететін қызметтерінің алуан түрлері үшін ерекшеленуі мүмкін.

**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САҒАТТАР**

Банк төлем құжаттарын қабылдауды және Қолданыстағы заңнамада ескерілген басқа да операцияларды жүзеге асыратын Банк Тарифтерде белгілеген сағаттарды білдіреді. Операциялар Банкпен осы Талаптарға сәйкес 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолданатын Хабарландырулар арқылы бір жақты тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

**ЖҰМЫС КҮНІ**

(Қазақстан Республикасындағы демалыс пен мейрам күндерінен басқа) Банк Операциялық күн шеңберінде операцияларды жүргізу және/немесе мәмілелерді жасасу үшін ашық болатын, немесе шетел

валютасындағы қаражат халықаралық аударымы жағдайында, операцияларды жүргізу үшін корреспондент-банктер ашық болатын күнді білдіреді.

**ТАРАП/ ТАРАПТАР**

Шартқа қол қойған Банк және/немесе Клиентті білдіреді.

**ШОТ**

Жеке сәйкестендіру коды берілген кез келген валютадағы Клиенттің Банкте банктік қызмет көрсету бойынша ағымдағы шотын білдіреді.

**ТАРИФТЕР**

Клиентке ол көрсететін Банктің уәкілетті органы айқындаған банктік қызметтер үшін Банктің тиісті операцияны іске асыру/тиісті қызмет көрсету немесе Клиенттің Талаптарды/Шартты бұзу сәтiне әрекеттегі Банк сыйақы мөлшерлемелері, комиссиялары мен тарифтерін білдіреді.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Осы Талаптар/Шартта, сонымен қатар Банктің ішкі саясаттары, стандарттары мен рәсімдерінде ескерілген әдіспен жолданған қазақ, және/немесе орыс және/немесе ағылшын тілдеріндегі Тарап хабарламасын білдіреді.

**УӘКІЛЕТТІ ТҰЛҒА**

Сенімхат негізінде немесе Қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге әдіспен Клиент Шотты ашу, жүргізу және/немесе жабуға өкілеттіктер берген тұлғаны білдіреді.

**УӘКІЛЕТТІ ОРГАН**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және/немесе өзге уәкілетті мемлекеттік органды білдіреді.

**ТАЛАПТАР**

Осы Банкте банктік шот шарты бойынша банктік қызмет көрсету Талаптарын білдіреді.

**FATCA**

Foreign Accounts Tax Compliance Act «Шетел шоттары бойынша салықтық талаптарды орындау туралы» АҚШ Заңын білдіреді.

**III. Шотты ашу мен жүргізу**

1. Банктік шот шартын жасасу мен Шотты ашу үшін Клиент Банкке №1 Қосымшада аталған құжаттарды, қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Банк Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі талаптарына сәйкес сұрайтын құжаттарды ұсынады. Клиентке Шотты ашу Банктің Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі талаптарында ескерілген тиісті тексеру бойынша шараларды қолданғаннан кейін іске асырылады. Банк заңды тұлғаға немесе заңды тұлғаның оқшау бөлімшесіне (филиал немесе өкілдік) Шот ашудан Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі талаптарында ескерілген жағдайлар мен негіздерде бас тартуға құқылы.

2. Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі саясаттары, стандарттары мен рәсімдеріне сәйкес қажет болған жағдайларда Банк өз қарауынша және Клиенттің қосымша келісімінсіз Шотты ашу мен жүргізуге қажетті мәліметтер мен құжаттар тізіміне мерзімді түрде өзгерістерді енгізуі мүмкін. Клиент осымен Банк ұсынған өзгертілген тізімге сәйкес және Банкпен үйлестірілген мерзімде қосымша мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға келісімін білдіреді және міндеттенеді.

3. Клиент Банкке берген мәліметтер мен құжаттарда кез келген өзгерістер немесе Шотқа қатысы бар (Клиент, Уәкілетті тұлғалар туралы деректерді, қылмыс жасау арқылы алынған табыстың ізін жасыруға қарсы әрекет (заңдастыру) және лаңкестік қаржыландыру туралы заңнамада

ескерілген міндеттерді атқаруына қажет мәліметтерді, бенефициарлық иелері, қызмет түрі мен іске асырылатын операцияларды қаржыландыру көздері туралы ақпаратты, басқа ұқсас ақпаратты қоса алғанда, бірақ шектелмей) жаңа деректер пайда болған жағдайда, Клиент бұл туралы дереу Банкке жазбаша түрде хабар беруі тиіс. Кез келген осындай өзгерістер Банк үшін тек Банктің осындай хабарландыруды растағанынан кейін ғана жарамды болады. Клиент Банкпен келісілген мерзімде Банкке осы өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс, ал Банктің осындай құжаттарды талап етуге құқығы бар. Бұл ретте, Клиент мәлімдеме немесе жазбаша нұсқауларда көрсетілген ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Шарт мақсатында Клиент ұсынатын барлық деректер мен ақпарат шын, толық және дәл болатынын растайды.

4. Қолданыстағы заңнама талаптары мен осы Талаптарға сәйкес Клиент Шотты Клиент пайдасына түсетін Ақшаны алу, Ақшаны Шоттар арасында аудару, немесе үшінші тұлғалардың пайдасына Клиенттен қолма-қол ақшаны алу мен оларға беру үшін пайдалануы мүмкін.

5. Осымен Клиент Қолданыстағы заңнамасы және Банктің ішкі саясаттары, стандарттарын, рәсімдері белгілеген тәртіппен Шотқа оның атына енгізілген Ақша сол Ақша Шотқа енгізілген Банк филиалында немесе Банктің Қазақстан Республикасындағы басқа филиалында Клиентпен қолма-қол ақша түрінде алынуы мүмкін екендігімен келіседі.

6. Банк Ақша төлемдері мен аударымдарын Клиенттің нұсқауларына сәйкес және тек Шоттағы теңгерім шегінде немесе Банк пен Клиент арасында жеке дара шарт болған жағдайда, Тараптар арасында үйлестірілген овердрафт шеңберінде іске асырады.

7. Шотта Ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк төлем құжаттарын Клиентке орындаусыз қайтаруға құқылы. Банк Клиенттің нұсқауларын ішінара орындауды жүзеге асырмайды.

8. Банк Шотты Қолданыстағы заңнама белгілеген мерзімде оған аударылған сомаға (комиссиялар мен осы аударымға байланысты шығыстарды шегерумен) кредиттейді. Клиент Банкке оның Шотына ол күтпеген соманың кредиттелгені туралы есептелген күннен кейін 3 (үш) Жұмыс күні кешіктірмей хабар беруі тиіс.

9. Банк Клиентке Үзінділерді береді. Клиент Үзінділерді алу мерзімділігін Банктің техникалық мүмкіндіктерін ескере өз бетімен айқындайды және таңдалған мерзімділікке байланысты барлық тәуекел мен жауапкершілікті өз мойнына алады. Үзінді Клиентке қағазда басылып шыққан түрде немесе электронды түрде (Банк пен Клиент арасында тиісті электронды банктік қызметтерді көрсету шарты бар болған жағдайда) ұсынылуы мүмкін.

10. Кезекті Үзіндіні алмаған жағдайда Клиент Банкті дереу хабарландыруы тиіс. Клиентке ол көрсеткен мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс Үзінді Банкке қайтарылған жағдайда, Банк Үзіндіні қайта жолдайды. Клиент көрсеткен мекенжай немесе Клиенттің осындай мекенжай жоқ болуына байланысты Үзіндінің Банкке қайтарылған жағдайда, Банк Үзінділерді күнтізбелік 10 (он) күн ішінде сақтайды, содан кейін оларды жояды. Клиент осымен Үзіндіні алмағанына байланысты жауапкершілік пен барлық ықтимал тәуекелдерді өз мойнына алады.

11. Банк Шот бойынша операцияда, ол Клиентке ұсынған Үзіндіде және/немесе басқа ақпаратта қателікті айқындаған жағдайда, Банк бұл туралы Клиентке дереу хабарлама беріп, барлық жіберілген қателіктерді түзетуі тиіс. Банктің Шарт пен осы Талаптардың негізінде Клиенттің қосымша келісімінсіз Шотты кредиттеу немесе дебеттеу арқылы қате нұсқауларды және/немесе рұқсат етілмеген төлемдерді түзетуді жүзеге асыру құқығы бар. Банк осыған байланысты Клиентке келтірілген іс жүзіндегі зиян үшін жауапкершілікті тек нұсқаудың Банктің кесірінен қате болғаны дәлелденген жағдайда ғана көтереді.

12. Шот бойынша Үзінділер Клиенттің Шот бойынша барлық операциялар туралы хабарландырылғанының жеткілікті дәлелі болып табылады және Банкке қате операциялар туралы дереу хабар бермеу Клиенттің тәуекелі мен жауапкершілігі болады.

13. Клиент Банктен алынған барлық хат-хабарды (Шот бойынша Үзінділер және/немесе басқа ақпаратты) алғаннан кейін бірден тексеруге міндетті. Осыдан басқа, Клиент Банктің Клиент нұсқауларын орындауының дұрыстығын тексеруге міндетті. Егер Клиент қандай болмасын дәлсіздіктерді және/немесе толық емес орындауды айқындаса, ол бұл туралы Банкке дереу хабарлауы тиіс.

14. Клиент Банктен алынған хат-хабарды (Шот бойынша Үзінділер және/немесе басқа ақпаратты) алғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде сол хат-хабардың мазмұнына қатысты жазбаша қарсылықты ұсынбаған жағдайда, ол оның мазмұнын мақұлдады деп есептеледі. Бұл жағдайда, егер өзгесі соттың заңды күшіне енген шешімімен немесе Тараптардың келісімімен белгіленбесе, Клиенттің Банктен қате операцияларды түзетуді, сонымен қатар осындай операциялар тудырған зиян орнын толтыруды талап етуге құқығы жоқ. Банк арифметикалық қателерді тіпті көрсетілген мерзім өткеннен кейін де түзетуге құқылы және міндетті.

15. Клиент өз мойнына Қолданыстағы заңнама валюталық бақылауды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, шетел валютасы мен онымен байланысты операцияларға қатысты белгілеген шектеулерге орай шетел валютасында Шотты ашу мен жүргізуге қатысты тәуекелді алады.

16. Шетел валютасымен барлық операциялар Қазақстан Республикасының резиденттері арасындағы шетел валютасындағы есеп айырысуға тыйым және Қолданыстағы заңнаманың шетел валютасымен операцияларды жүргізуге қоятын басқа талаптарын қоса алғанда, бірақ шектелмей, Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

17. Клиент оған валюталық операцияларды реттейтін Қолданыстағы заңнаманың бұзушылығы үшін жауапкершілігі, Банктің Қолданыстағы заңнамамен белгіленген валюталық бақылау агенті функцияларын орындауға қатысты міндеттері, сондай-ақ Банктің құқық қорғау органдары мен Уәкілетті органға Клиент жіберген Қолданыстағы заңнаманың бұзушылықтары туралы хабар беруі мәлім екендігін растайды.

18. Банк Қолданыстағы заңнама және/немесе Талаптар/Шарт, сонымен қатар соларға сәйкес Ақша/Шот кепілге салынған болып табылатын немесе Клиенттің міндеттерін орындауын өзгеше жолмен қамтамасыз ететін басқа шарттар ескерген жағдайларда Клиенттің Ақшаны пайдалану бағыттарын анықтау мен бақылау, Шотқа бақылау орнату және Клиенттің Ақшаны еркін иелік ету құқығын шектеуге құқығы бар.

19. Клиент оның қарауына Банк берген бланктер, деректер тасымалдаушылары және байланыс құралдарын өте сақ ұстауға міндетті. Егер Клиентке осындай бланктер, деректер тасымалдаушылары мен байланыс құралдарын жоғалту, ұрлау немесе дұрыс емес пайдалану секілді мән-жайлар белгілі болса, ол бұл туралы Банкке дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Егер Клиент өз кінәсінің жоқтығын дәлелдемесе, Клиент бланктер, деректер тасымалдаушылар мен байланыс құралдарын лайықсыз пайдалану салдары үшін жауапкершілікті көтереді.

20. Клиент Банктің қажетті «өз клиентіңді біл», клиентті, оның өкілдерін және бенефициарлық иелерін тиісті тексеру рәсімдерінің немесе басқа Банкте бар және/немесе Қолданыстағы заңнамамен белгіленген ұқсас рәсімдердің барлық талаптарын орындауы және ұстануына қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға немесе ұсынылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

21. Банктің Қолданыстағы заңнамада және/немесе осы Талаптарда/Шартта ескерілген негіздемелер және тәртіппен осы Талаптарды/Шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға құқығы бар.

22. Клиент Банктің талабы бойынша оған Банкке Клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық иесін айқындау, салықтық резиденттігі, қызмет түрі және іске асырылатын операцияларды қаржыландыру көздерін анықтау үшін қажетті, сонымен қатар Банкке оның ҚР және басқа мемлекеттердің қылмыстық әдіспен алынған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы әрекет ету туралы ҚР Қолданыстағы заңнамасы талаптарын, сонымен қатар Банкке және/немесе Клиентке Қазақстан Республикасының Қолданыстағы заңнамасының, басқа елдер заңнамасының, сондай-ақ халықаралық шарттардың талаптарын орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

#### **IV. Шот бойынша үзінді көшірмелер**

1. Банк Клиентке шот ашу өтінішінде Клиент көрсеткен мерзімге сәйкес немесе жылына бір рет Үзінді көшірмелер ұсынады. Үзінді Клиентке қағазда басылып шығарылған түрде немесе электронды пошта арқылы ұсынылады.

2. Кезекті Үзінді көшірмені алмаған жағдайда, Клиент дереу Банкке хабар беруге міндетті.

3. Клиентке ол көрсеткен мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс Үзінді көшірме Банкке қайтарылған жағдайда, Банк Үзінді көшірмені қайта жолдайды. Клиент көрсеткен мекенжайдың немесе Клиенттің осындай мекенжай бойынша жоқ болуына байланысты Үзінді көшірменің

Банкке қайтарылған жағдайда, Банк Үзінді көшірмелерді күнтізбелік 10 (он) күн ішінде сақтайды, содан кейін оларды жояды. Клиент осымен Үзінді көшірмені алмағанына байланысты жауапкершілік пен барлық ықтимал тәуекелдерді өз мойнына алады.

4. Шот бойынша Үзінді көшірмелер Клиенттің Шот бойынша барлық операциялар туралы хабарландырылғанының жеткілікті дәлелі болып табылады және Банкке қате операциялар туралы дереу хабар бермеу Клиенттің тәуекелі мен жауапкершілігі болады.

## **V. Клиентке кассалық қызмет көрсету**

1. Қолма–қол Ақшамен кассалық операциялар Банктің әр түрлі валютадағы банкноталар мен тиындарды қабылдауды, беруді, қайта есептеуді, айырбастауды, сұрыптауды, қаптауды қамтиды, және Ақшаны Шотқа есептеу Қолданыстағы заңнамамен, Банктің ішкі ережелерімен, стандарттарымен, рәсімдерімен, сондай-ақ тиісті төлем жүйесінің ережелерімен белгіленген тәртіппен Операциялық күн ішінде іске асырылады.

2. Банк Клиент Шотын Ақшаның нақты сомасымен оларды қабылдағаннан, беттеп қайта есептегеннен және қаптағаннан кейін кредиттейді. Қолма-қол ақшаны беру Шоттағы теңгерім шегінде Банктің комиссиясының шегерілуімен іске асырылады. Қолма-қол ақшаны Банк оның ішкі саясаттарына, стандарттарына, рәсімдеріне сәйкес анықтайтын ірі мөлшерде алған жағдайда, Банк Клиенттен осы операцияны жүргізгенге дейін 48 (қырық сегіз) сағат бұрын алдын ала хабарландыруды талап етуге құқылы.

3. Басқа банктердің қызмет көрсету желісіндегі қолма-қол Ақшамен операциялар осы банктердің операциялық сағаттар ішінде сол банк, тиісті төлем жүйесі ережелері, Қолданыстағы заңнама белгілеген тәртіппен іске асырылады.

## **VI. Ақша төлемдері мен аударымдары**

1. Егер өзгесі Қолданыстағы заңнамамен ескерілмесе, Ақшаның барлық төлемдері мен аударымдары Банкпен банктік операцияны орындауға қажет уақытты ескерумен іске асырылады.

2. Шотқа иелік ету Қолтаңба үлгілер бар құжатта көрсетілген тұлғалардың Банкке жазбаша нұсқауларын беру арқылы іске асырылады. Шотқа иелік ету туралы нұсқаулар ақша төлемдері және аударымдары туралы нұсқауды құрастыру мен ұсыну талаптарының және/немесе Қолданыстағы заңнама белгілеген өзге талаптардың сақталуымен және осы Талаптардың/Шарттың жағдайларына сәйкес Банк пайдаланатын стандарттық бланкілерде жасалуы тиіс. Клиенттің Банкке нұсқауларды осындай нұсқаулар Банктің Клиент нұсқауын тиісті орындауына барлық қажетті ақпаратты қамтыған жағдайда, басқа нысанда ұсынуға құқығы бар. Осындай жағдайда, Банк Қолданыстағы заңнама талап ететін немесе Банк пайдаланатын нысан бойынша өз еркімен төлем құжатын құрайды. Бұл ретте, осындай қызметке ақыны Клиент Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес төлейді.

3. Шотқа иелік ету туралы нұсқауларды ұсынудың кез келген басқа әдістері Банк пен Клиент арасында жазбаша түрде келісілуі тиіс, содан кейін Банк осы нұсқауларды орындауға қабылдайды.

4. Банк орындауға: түсініксіз нұсқауларды; толтырылмаған немесе Клиент атынан қол қойылмаған, немесе Қолданыстағы заңнамамен ескерілген мәліметтерді қамтымайтын төлем құжаттарын; қарындашпен толтырылған, жасанды белгілерін, түзетулерді, толықтырулар мен түзетістерді, сондай-ақ Қолданыстағы заңнаманы бұзатын операцияларды жүргізу туралы нұсқауларды қамтитын төлем құжаттарын; төлем құжаттарының толтырылуы тиіс шеттерінде қателерді, қалдыруларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Қолданыстағы заңнамада ескерілген өзге жағдайларда қабылдамайды. Банк Клиентке осындай төлем құжаттарын бас тартудың себептерін түсіндірумен қайтарады. Банк Банктің осындай нұсқауларды орындаудан бас тартуына байланысты Клиент шеккен залал мен зиян үшін жауапкершілікті көтермейді.

5. Банк Клиенттің нұсқамаларын Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіп пен мерзімде акцептейді. Банк төлем құжатын акцептеуден Қолданыстағы заңнамамен ескерілген негіздер бойынша және мерзімде бас тартады.

6. Осымен Клиент Банктің қылмысты жолмен табылған табысты заңдастыруды, терроризмді, алаяқтықты, сыбайлас жемқорлықты және т.б. қоса алғанда Банкті Ақшаны жылыстату бойынша қылмыстық әрекет пен тәсімдерге қатыстыру жағдайларына жол бермеу мақсатында белсенді жұмыс істейтінін мойындайды және келіседі. Банк стандарттары Банк беделін сақтау мен қорғауға, сонымен қатар Клиенттердің Банктің адалдығына деген сенімін кетірмеуге көзделген. Осыған байланысты, Банк өз қарауынша Банк орындайтын Клиенттер Ақшасының төлемдері мен аударымдарына мерзімді өзгеріп тұруы мүмкін белгілі талаптарды қояды. Мысалы, Банк осыған байланысты Банк өз қызметтерін көрсетуден бас тартуға құқылы болатын белгілі бір Ақша төлемі немесе аударымы ерекше/ күдікті төлемдер немесе Ақша аударымдар санатына жатқызылуы мүмкін өлшемдерді орнатуы мүмкін.

Осымен Клиент төмендегіні есепке алады және келіседі:

- Банк Клиенттің Ақша төлемдері немесе аударымдарының жоғарыда айтылғандай Банк белгілеген өлшемдерге сәйкестігін анықтайтын жүйелерді қолдануы мүмкін;
- Клиенттің осындай Ақша төлемін немесе аударымын айқындаған жағдайда, Банк Клиенттің төлем құжатын акцептеуден бас тартуға немесе аталған төлем/аударымды талдауға қажетті кез келген қосымша ақпаратты ұсынуды талап етуге құқылы. Осындай ақпарат Банк көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Банктің Клиент пайдасына түскен Ақшаны қайтаруға немесе төлем құжатын акцептеуден бас тартуға құқығы бар.

7. Осымен Клиент Банкке байланысты себептермен банк-корреспондент Төлем құжатын орындаудан бас тартуға немесе өзінің ішкі рәсімдері және/немесе банк-корреспондентке қолданылатын заңнаманың негізінде Төлем құжаты және/немесе осындай Төлем құжаты бойынша жіберілетін Клиенттің ақшасына қатысты басқа әрекеттерді жасай алатынымен мойындайды және келіседі. Бұл жағдайда Банк Төлем құжатын акцептеуден бас тартуға құқылы, ал Банкпен акцептелген банк-корреспондент орындамаған немесе тиіссіз түрде орындаған Төлем құжатына қатысты Банк банк-корреспонденттің әрекеттері үшін Клиент алдында қандай болмасын жауапкершілікті көтермейді.

8. Осымен Тараптар Клиенттің бюджетке салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлеу бойынша нұсқауларды қоса алғанда, төлемдер мен аударымдар бойынша барлық және кез келген нұсқаулары тек Операциялық күн ішінде қабылданатынымен келіседі. Клиенттің Операциялық күннен кейін жасалған нұсқаулары Банкпен келесі Жұмыс күні алынған деп есептеледі. Клиент Операциялық күннен кейінгі бюджетке салықтар мен басқа төлемдерді төлеу бойынша нұсқауларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, төлемдер мен аударымдарды іске асыру туралы нұсқауларды Банкке ұсынғанға байланысты барлық тәуекел мен жауапкершілікті өз мойнына алады.

9. Осымен Клиент өз мойнына төлем құжаттарында өзінің бизнес сәйкестендіру нөмірінің немесе бенефициардың сәйкестендіру нөмірінің, сонымен қатар Клиент немесе бенефициарды сәйкестендіруге байланысты өзге жан-жақты ақпаратты дұрыс емес көрсетілуіне және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес көрсетілуі талап етілетін кодтардың қате көрсетілуіне байланысты барлық тәуекел мен жауапкершілікті алатынын мәлімдейді және кепілдік береді.

10. Қажет болған жағдайларда, Клиент төлем құжаттарында валюталандыру күнін көрсетеді. Банктің осындай құжаттарды акцептеуге байланысты құқықтары мен міндеттері Қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

11. Клиенттің Банк акцептеген нұсқауды қайтарып алуы және нұсқауды орындауды тоқтатуы Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен және мерзімде іске асырылады.

12. Банк Ақшаны Клиенттің бір Шотынан Банкке ашылған басқа Шотына Клиенттің тиісті түрде рәсімделген жазбаша нұсқамасы бар болған жағдайда және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес аударды.

13. Ақша төлемдері мен аударымдары туралы нұсқауларды, сонымен қатар оларды қайтарып алу туралы өкімдерді электрондық жолмен ұсыну Банк пен Клиент арасындағы электронды банктік қызметтерді көрсету туралы тиісті шартта (шарттарда) ескерілген негіз бен тәртіппен іске асырылады. Осы Талаптар мен Банктік шот шарты осындай арнайы шартта реттелмеген бөлімде Банктің электрондық жүйелер бойынша түскен төлем құжаттарын өңдеу мәселелерін реттейді.

## **VII. Ақшаны Шоттан Дебеттеу**

1. Үшінші тұлғалардың нұсқаулары бойынша Ақшаны шоттан дебеттеу Қолданыстағы заңнамамен мен осы Талаптармен тікелей ескерілген жағдайлардан басқа, тек Клиенттің келісімімен іске асырылады. Ақшаның талап түріндегі ұсынылған барлық нұсқауларды орындау үшін жеткілікті болған жағдайда, осындай нұсқаулар егер өзге кезектілік Қолданыстағы заңнамамен ескерілмесе, олар түскен тәртіппен орындалады. Клиенттің Ақшасы Клиентке қойылған кезекті талапты орындау үшін жеткіліксіз болса, Банк Қолданыстағы заңнамамен ескерілген жағдайлардан басқа, осындай талапты қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын Клиент пайдасына Ақша сомасының түсуіне дейін бір жыл ішінде Клиентке қойылған алынған талаптарды сақтайды. Клиентке бірнеше талап қойылған жағдайда, Банк Клиенттің Ақшасын алуын Қолданыстағы заңнамамен белгіленген кезектілікпен іске асырады.

2. Үшінші тұлғалардың төлем талаптары Клиенттің келісімінсіз Қазақстан Республикасының тиісті сот немесе мемлекеттік органның шешімі негізінде, сонымен қатар Қолданыстағы заңнамамен ескерілген басқа негіздемелер бойынша орындалуға қабылданады және орындалады.

3. Үшінші тұлғаның талабы Клиенттің Шотын шартта көрсетілген сомаға дебеттеу мүмкіндігін ескеретін Клиент пен тиісті төлем алушы арасындағы жарамды шартқа негізделген болған жағдайда да Клиенттің қосымша келісімі қажет болмайды. Бұл жағдайда Клиент алдын ала Банкпен Клиенттің Клиент анықтаған үшінші тұлғалардың талаптарының негізінде Шоттан ақшаны алуға келісімін қамтитын және Банк төлемді Шотты тікелей дебеттеу арқылы іске асыратына жол беретін құжаттарды анықтайтын жазбаша шарт жасасуы тиіс.

4. Банк Клиенттің Шотын оның келісімінсіз Клиенттің Банк алдындағы бар ақшалай міндеттемелері бойынша берешекті, Банк осы Талаптар негізінде құқылы кез келген және барлық комиссияларды, сондай-ақ ҚР Қолданыстағы заңнамасының, FATCA қоса алғанда, бірақ шектелмей, басқа елдер заңнамасының, халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес үшінші тұлғалар Клиент міндеттемелері бойынша Банкте ұстап қалған кез келген сомаларды қоса алғанда, бірақ шектелмей, Клиенттің Банкке төлеуі тиіс кез келген және барлық сомаларға дебеттеуге құқылы.

### **VIII. Айырбастау бойынша қызметтер**

1. Банк Клиентке тек шетел валютасын қолда жоқ ақшамен айырбастау бойынша қызметтерді көрсетеді (айырбастау бойынша қызметтер).

2. Клиент айырбастауларды өткізу және айырбасталған Ақшаны пайдалану талаптары бойынша Қолданыстағы заңнаманы сақтауы тиіс.

3. Айырбастау Шоттағы теңгерім шегінде, тиісті түрде рәсімделген нұсқау негізінде іске асырылады. Айырбастау бағамы Банк пен Клиент арасында үйлестіріледі. Банк Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келесі айырбастау операцияларын іске асырады:

а) шетел валютасынан қазақстандық теңгеге (FCY-KZT);

ә) қазақстандық теңгеден шетел валютасына (KZT-FCY);

б) шетел валютасынан басқа шетел валютасына (FCY-FCY) – тек Банкте тиісті техникалық мүмкіндіктер бар болған жағдайда.

4. Клиенттің өз қарауына Банкке Банкте ашылған Клиенттің кез келген Шотынан Ақшаны бір валютадан басқа валютаға айырбастауға өкілеттік беруге құқығы бар.

### **IX. Оперативтік байланыс құралдарын пайдалану**

1. Банкке Шотқа иелік етуге қатысты Хабарламаларды табыстау үшін оперативтік (яғни электронды, факсимильді немесе басқа) байланыс құралдарын пайдалану Банкте Шоттың бар болуына байланысты жасалатын жеке шарт негізінде іске асырылады.

### **X. Банк Тарифтері. Банк қызметтерін және басқа шығындарды төлеу**



1. Клиент егер өзгесі Қолданыстағы заңнамамен белгіленбесе, Клиенттің нұсқауы орындалған валютада (Банктің қарауынша өзгеруі мүмкін) қызметтерді көрсету сәтіне жарамды Тарифтерге сәйкес Банк қызметтері үшін төлемді уақытылы және толық көлемде, сонымен қатар Клиенттің нұсқаулары мен өкімдерін орындауға байланысты Банк шеккен барлық шығын орнын толтыруды жүргізуге міндеттенеді.

2. Банк Шарт пен осы Талаптар негізінде Клиенттің қосымша келісімінсіз комиссиялар сомасына Клиент Шотын тікелей дебеттеу арқылы ол көрсеткен қызметтер үшін төлемді алуға құқылы. Клиент Банк Шоттан дебеттеген комиссиялар сомасына қарсы болуға құқылы. Банктің ай сайынғы комиссияларын төлеу үшін Клиент Шотта Банк Тарифтері белгілегендей, Банк комиссияларын төлеу үшін қажет теңгерімді қамтамасыз етуі тиіс.

3. Тарифтер туралы ақпарат Банктің операциялық залдарында және оның филиалдарында, сонымен қатар Банктің веб-сайтында Тарифтерге өзгерістердің енгізілу күні туралы мәліметтердің, ішкі құжат нөмірінің және осы өзгерістерді қабылдаған органның көрсетілумен шынайы уақыт режимінде орналастырылады. Клиент өз мойнына Тарифтермен танысу міндеттемесін, сонымен қатар осы Талаптар мен Тарифтерге өзгерістер туралы ақпаратты алмауға байланысты жауапкершілік пен барлық ықтимал тәуекелдерді алады. Талаптар және/немесе Тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін, олар Шарттың ажырамас бөлігі болып есептеледі.

4. Банк Клиент пен үшінші тұлғалар арасындағы сот талқылауына қатыстырылған жағдайда шеккен кез келген шығыны, сондай-ақ Банктің Клиентпен қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болуы мүмкін және Тарифтерде көрсетілмеген кез келген басқа шығыны Клиенттің есебіне жатқызылады. Банк Клиентке төленуі тиіс шотты шығындардың көрсетілуімен ұсынады. Клиент аталған шотты алғаннан кейін оны 10 (он) Жұмыс күні ішінде төлеуі немесе негізделген бас тартуды ұсынуы тиіс.

5. Осымен Тараптар Шарт бұзылған жағдайда Клиенттің Шотқа қызмет көрсету үшін төлеген комиссиясы қайтарылмайтынымен келіседі.

## **XI.     Үшінші тұлғалар қызметтерін пайдалану**

1. Банк Клиенттің өкімдері мен нұсқауларын орындау кезінде үшінші тұлғалардың қызметтерін, сонымен қатар үшінші тұлғалар қызметтерін пайдалану Қолданыстағы заңнамамен тікелей белгіленген жағдайларды қоса ала, бірақ шектелмей, Банк атынан үшінші тұлғаларда активтер мен құжаттарды сақтауға орналастыру кезінде, сондай-ақ өзінің Клиентпен шарттар бойынша міндеттемелерін орындау кезінде пайдалануға құқылы.

## **XII.    Тараптардың жауапкершілігі**

1. Осы Талаптардың, Шарттың жағдайларының бұзушылығы үшін әр Тарап Қолданыстағы заңнамаға, осы Талаптардың/ Шарттың қағидаларына сәйкес жауапкершілік көтереді.

2. Банктің жауапкершілігі осы Талаптарды, Шартты орындау кезінде Банктің кінәлі әрекеті нәтижесінде Клиентке және/немесе үшінші тарапқа келтірілген нақты зиян мөлшерімен анықталады.

3. Тараптар осымен шартсыз және қайтарып алынбайтын тәртіппен Тараптардың ешқайсысы басқа Тарап және/немесе үшінші тарап алдында осы Талаптарға, Шартқа сәйкес пайда болуы мүмкін (табыстан айырылу және/немесе жоғалған пайданы қоса алғанда) кез келген жанама, ілеспелі және/немесе нәтижесі болып табылатын залал үшін міндеттемелерге ие болмайтынын және жауапкершілікті көтермейтінін растайды.

4. Банк Клиенттің Банк осы Талаптарға сәйкес Банктің Клиентке банктік қызметтерін көрсету кезінде пайда болатын қарым-қатынастарға қолданылатын FATCA талаптарын қоса ала, бірақ шектелмей, Қолданыстағы заңнама, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің жарамды заңнамасы шеңберінде сұратылатын ақпаратты қоса алғанда, сұрататын ақпаратты ұсынбауы немесе, дәлсіз, толық емес не шын емес ақпаратты ұсынуы нәтижесінде Клиенттің қандай болмасын шығысы, шығыны немесе залалы үшін жауапкершілікті көтермейді.

5. Банк банк-корреспонденттің әрекеті нәтижесінде Банк кесірінен емес Клиенттің төлемдері, аударымдары және/немесе ақшасына қатысты Клиенттің қандай болмасын туындаған шығыны, залалы немесе нұқсаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

### **XIII. Шотты жабу. Шартты бұзу**

1. Шарт Банк пен Клиенттің өзара келісімімен кез келген уақытта бұзылуы мүмкін. Сонымен қатар, Шарт Банктің бастамасымен Қолданыстағы заңнамада немесе осы Талаптарда ескерілген негіздермен және/немесе Клиенттің осы Талаптар/Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындамаған жағдайда және/немесе осы Талаптармен/Шартпен ескерілген басқа жағдайларда бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін. Шарт Банкпен Клиент жасайтын операцияларды зерделеу үдерісінде Клиенттің іскерлік қарым-қатынасты қылмыстық жолмен табысты заңдастыру (ізін жасыру) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында қолданатыны туралы күмәндар туындаған жағдайда бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін. Шарттың бұзылуы Клиенттің барлық Шоттарының жабылуына ұшыратады, және тиісінше, Қолданыстағы заңнамада ескерілген шектеулердің есепке алынуымен іске асырылады.

2. Кез келген Тарап басқа Тарапты Шарттың қолданылуының болжалды бұзу күніне дейін кем дегенде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша ескертумен Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Клиенттің Банк алдындағы Шарт бойынша барлық міндеттемелері дереу орындалуы тиіс.

3. Осымен Тараптар Банктің Шотта Ақшаның күнтізбелік 90 (тоқсан) ретті күн ішінде жоқ болған немесе Клиенттің Банк алдында комиссиялар бойынша берешегі бар болған, немесе мәліметтер мен құжаттарды ұсыну бойынша міндеттемелерді шектеусіз қоса алғанда, Клиенттің Шарт/Талаптар бойынша міндеттемелерін бұзған, Банкпен байланысты 12 (он екі) айдан асатын мерзім ішінде байланысты жоғалтқан жағдайында, Банктің немесе оның акционерінің стратегиясы өзгерген жағдайда, сонымен қатар Шарт/Талаптармен ескерілген өзге негіздемелер бойынша Шартты бұзу және Клиенттің Шотын жабу туралы мәлімдеуге құқығы бар екендігімен келіседі.

4. Шотты Клиенттің арызы негізінде жабу Қолданыстағы заңнама мен Шартпен белгіленген жағдайлардан басқа, Банкпен күнтізбелік 10 (он) күн ішінде, бірақ Клиент арызын алғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмей іске асырылады. Банк Клиенттің Банкке қатысты орындалмаған міндеттемелері бар болған жағдайда, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамамен ескерілген өзге жағдайларда Клиенттің жоғарыда айтылғандай Шотты жабуын және/немесе Шартты бір жақты тәртіппен бұзуын қабылдамауға құқығы бар.

5. Шарт өз әрекетін Қолданыстағы заңнамамен ескерілген негіздермен және тәртіппен тоқтатады.

6. Шартты әрекетін тоқтату немесе бұзу күніне орындалмаған міндеттемелердің бар болған жағдайда, Шарт өз әрекетін тек Клиент пен Банктің арасында сол сәтте жарамды Шарт және/немесе өзге келісімдері бойынша пайда болған барлық қалған міндеттемелерді Клиент пен Банктің орындағаннан кейін ғана тоқтатады. Клиент Банктің осы Талаптар мен Шарттың негізінде, Клиенттің қосымша келісімінсіз Шотты тікелей дебеттеуге және Клиенттің Банкке барлық және кез келген берешегінің орнын Шотта бар Ақша есебінен толтыруға құқығы бар екендігімен келіседі. Күшін сақтап қалған құжаттардың (мысалы, банк кепілдігі, ашық аккредитив және т.б.) сипаты кесірінен Банктің міндеттемелерін доғару мүмкін емес болса, Клиент Банктің талабы бойынша Банк алдындағы өзінің міндеттемелерін орындауының тиісті қамсыздандыруын ұсынуы тиіс.

7. Егер бұл Қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілсе, Шоттың жабылуынан кейін 3 (үш) Жұмыс күні ішінде Шоттағы Ақша қалдығы Клиентке қолма-қол түрінде төленеді, немесе Клиенттің жазбаша нұсқауымен басқа Шотқа не өзге банктегі шотқа аударылады. Клиенттің Ақша қалдығы бойынша нұсқаулары жоқ болған жағдайда, Банк басшылыққа Қолданыстағы заңнаманы алады.

### **XIV. Форс-мажор**

1. Егер қайсыбір Тарапқа төменде сипатталған дүлей күш жағдайы - Форс-мажор әрекеті міндеттемелерін орындауға кедергі келтірсе немесе кешіктірсе, онда Тараптың міндеттемелерін орындауы дүлей күш жағдайлары созылатын уақытқа парапар мерзімге және олар Тараптың міндеттемелерін орындауға кедергі келтірген немесе кешіктірген дәрежеде уақытша

тоқтатылады. Дегенмен төменде суреттелген жағдайларға сәйкес, осындай Тарап басқа Тарапты Форс-мажордың орын алуы туралы хабарлауы тиіс екендігі белгіленеді.

2. Форс-мажор Тарапқа өз міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын өрттерді (Тараптардың қылмыстық ұқыпсыздығынан немесе немқұрайлылығынан болғандарын қоспағанда), су тасқындарын, жер сілкіністерін, соғыстарды (жарияланған және жарияланбаған), көтерілістерді, ереуілдерді, азаматтық соғыстарды немесе жаппай тәртіпсіздіктерді, орталық банктердің компьютерлік желілердегі іркілістерді, байланыс, бағдарламалық жасақтама құралдарындағы, электрмен жабдықтаудағы, сонымен қатар ғаламтордағы кідірістерді, ақаулар мен кемшіліктерді қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей, Тараптың орынды бақылауынан тыс жататын кез-келген мән-жайларды білдіреді. Сонымен қатар, Тараптар олардың орынды бақылауынан тыс жататын салдарынан Талаптар/Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін емес болатын заңнамалық актілерді және басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау сияқты мән-жайлар үшін жауапкершілікті көтермейді.

3. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде, өз міндеттемелерін орындауда кедергілер бар Тарап Форс-мажор жағдайлары туындауы және сол жағдайлардың оның осындай міндеттемелерін орындауына әсері туралы 3 (үш) Жұмыс күнінен кешіктірмей екінші Тарапты жазбаша түрде хабарландыруы тиіс. Егер Тарап осы Талаптар белгілегендей, Форс-мажор туралы хабарландыру жолдамаса, Форс-мажор нәтижесінде осы Тарап үшін басқа Тарапқа хабарландыруды жолдау мүмкін емес болған жағдайлардан басқа, ол жоғарыда ескертілген құқығынан айырылады.

4. Форс-мажор жағдайлары аяқталған кейін оның әсері тиген Тарап 5 (бес) Жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа Форс-мажор жағдайлары аяқталғаны туралы жазбаша хабарлама беруі және өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастыруы тиіс. Форс-мажор жағдайлары туындаған сәттен бастап 1 (бір) айдан аса уақыт бойы жалғасса, кез келген Тараптың Шарттың қолданылуын басқа Тарапқа күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей хабар беріп, тоқтату құқығы бар.

## **XV. Хабарландырулар**

1. Осы Талаптар/Шарт қарастыратын хабарландырулар жазбаша түрде қазақ немесе орыс тілдерінде жолданады. Хабарландырулар ағылшын тілінде де жолдануы мүмкін. Егер осы Талаптарда өзгесі белгіленбесе, бұл хабарландырулар жекелей алғандығы жөніндегі қолхат арқылы немесе СВИФТ/ Рейтер Дилинг/ электрондық банктік деректер жолдау жүйесі/ электрондық пошта арқылы бір мезгілді түпнұсқаларының курьерлік қызмет арқылы жолдануымен, алынғандығының растауымен табысталады. Осы Бапқа сәйкес жолданатын барлық хабарландырулар табысталған деп саналады:

- олар қолма-қол немесе курьерлік қызмет арқылы табысталған жағдайда - алынған күні;
- олар СВИФТ/ Рейтер Дилинг/ электрондық банктік деректер жолдау жүйесі/ электрондық пошта арқылы жіберілген жағдайда – жіберілген күні.

2. Мекенжай, факс немесе телефон нөмірі өзгергенде, тиісті Тарап бұл туралы басқа Тарапқа уақытылы, бірақ осындай өзгерістен кейін күнтізбелік 7 (жеті) күн кешіктірмей, хабарландыруы тиіс.

3. Осы Талаптарда ескерілген жағдайларда Банк Клиентке Үзіндіге қосымша ақпарат қосу және/немесе ақпаратты Банктің веб-сайтында орналастыру арқылы хабарландыруды жасауға құқылы. Осындай хабарландырулар осы Талаптарға сәйкес тиісті түрде жасалған деп саналады.

## **XVI. Құпиялылық**

1. Банк Клиент пен Шотқа қатысты ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін оған байланысты барлық шараларды қолданады.

2. Құпиялылық Клиенттің өз кесірінен бұзылса, немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға бұрыннан белгілі не өзге көздерден белгілі болса, Банк жауапкершілікті көтермейді.

Осымен Клиент Банкке (Шарт / Талаптар негізінде және Клиенттен қосымша келісімді алу қажеттілігінсіз) Клиентке, оның Банктегі Шоттарына, Шартқа, сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы кез келген басқа шарттарға, үшінші тұлғаларға (соның ішінде, шектеусіз, Банктің иегер компаниясына немесе оның филиалдарына / өкілдіктеріне / еншілес компанияларына

немесе Банктің не оның иегер компаниясының басқа үлестес тұлғаларына, мердігерлерге, кеңесшілерге, аудиторларға немесе Банктің кез келген басқа қызметтер жеткізушілеріне, Банктің әлеуетті немесе нақты өкілдеріне не құқықтық мұрагерлеріне) қатысы бар кез келген ақпаратты (осындай ақпарат банк құпиясы және / немесе жеке деректер болып табылған жағдайларды қоса алғанда), осындай жария ету Банкпен әрдайым құпиялылық негізінде және келесі жағдайларда (а) қолданыстағы заңнаманың қандай болмасын міндетті қағидаларын сақтау мақсатында, және / немесе (б) Банктің кез келген ішкі саясаттарын, рәсімдерін немесе қағидаларын ұстану үшін және / немесе (с) тараптардың Шарт және/немесе Банк пен Клиент арасындағы басқа шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты кез келген басқа жағдайларда жария етуге уәкілеттік береді.

4. Банк қызметкерлері Құпия ақпаратқа тек қызметтік қажеттілік қағидасы бойынша қолжетімділікке ие болады.

5. Өзгесі жазбаша түрде ескерілмеген жағдайда, егер Банк Клиенттің нұсқауы бойынша Клиент немесе үшінші тұлғалар мекенжайына Ақша, құнды қағаздар, чектер, аккредитивтер немесе басқа құжаттар жіберсе, онда клиент осындай жіберілуге байланысты барлық ықтимал тәуекелдерді өз мойнына алады.

## **XVII. Жеке деректер**

1. Клиент Банкке соның негізінде анықталған немесе анықталатын жеке деректер субъектісіне қатысты электронды, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасымалдаушыда бекітілген ақпаратты (әрі қарай – тиісінше «Жеке деректер субъектісі» мен «Жеке деректер») жолдаған жағдайда, Клиент осымен Жеке деректер субъектілерінен Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес олардың Жеке деректерін, трансшекаралық табыстау мен сақтауды қоса алғанда, құпиялылық негізде Банкке, соның ішінде Банктің олар қызметтерді көрсетуге қатысқан дәрежеде үлестес тұлғалары мен үшінші тұлғаларға, табыстау мен сақтау келісімдерін алғанын растайды.

2. Банк осы Талаптар/Шарт және Банк пен Клиент арасындағы басқа шарттар шеңберінде алған жеке деректер Банктің кейінгі өңдеуі, сақтауы мен осындай Жеке деректерді Қазақстан Республикасы ішінде және одан тыс аймақта соның ішінде шектеусіз Банктің үлестес тұлғаларына, мердігерлерге, кеңесшілерге, аудиторларға немесе Банктің кез келген басқа қызметтер жеткізушілеріне, Банктің әлеуетті немесе нақты өкілдеріне не құқықтық мұрагерлеріне табыстауына осындай жария ету Банкпен әрдайым құпиялылық негізінде және төмендегі міндеттердің кез келгенін орындау мақсатында жатады: (i) «Өз клиентіңді біл» рәсімін немесе ұқсас рәсімдерді сақтау, (ii) Банктің Қазақстан Республикасы, АҚШ, Еуропалық одақ, Ұлыбритания Үкіметтері немесе Біріккен Ұлттар Ұйымы, немесе жоғарыда аталғандардың тиісті үкімет институттары немесе агенттіктері қолданатын, қабылдайтын, атқаратын экономикалық санкциялар, эмбарго немесе шектеулі ықпал шаралары бойынша заңдар мен нормативтік актілердің талаптарын сақтауы, (iii) Банктің кез келген қолданылатын FATCA талаптарын орындауы, (iv) Банктің қылмыстық жолмен табылған табысты жылыстауға қарсы әрекет туралы кез келген қолданылатын талаптарды орындауы, (v) Банктің қаржы немесе валюталық бақылаудың кез келген қолданылатын талаптарын орындауы, (vi) Банктің Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарын орындауы (vii) Банк немесе Банктің үлестес тұлғаларының Банк және/немесе үлестес тұлғаларының, олардың филиалдарының/өкілдіктерінің/еншілес компанияларының қатысуы бар елдердің қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарын сақтауы, немесе (viii) Банктің оның күнделікті банктік қызметіне байланысты және/немесе тараптардың Банктік шот шарты және/немесе Банк пен Клиент арасындағы басқа шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты кез келген басқа мақсаттарды орындау.

3. Клиент жоғарыда айтылған талаптармен сөзсіз келіседі және Банктің Жеке деректерге қатысты жоғарыда көрсетілген іс-әрекетті орындауы Жеке деректер субъектілерімен келісілгеніне кепілдік береді. Клиент талап бойынша Жеке деректер субъектілерінің Жеке деректерді өңдеуге келісімін алғанын куәландыратын дәлелді Банкке ұсынуы тиіс.

## **XVIII. Қолданылатын құқық**

1. Осы Талаптар мен Шарт Қолданылатын заңнамамен құрастырылған және реттеледі. Басқаның барлығы, соның ішінде осы Талаптармен реттелмеген, бірақ олардан туындайтыны, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

2. Егер осы Талаптардың/Шарттың кез келген ережесі күшін жоғалтса, кез келгенге байланысты заңсыз болса, бұл осы құжаттарда қамтылған басқа ережелердің жарамдылығына, заңдылығына немесе қуыным күшіне қандай болмасын жолмен әсерін тигізбеуі немесе әлсіретпеуі тиіс. Бұл ретте, осындай жағдайларда Тараптар жарамсыз қағиданы жаңа заңды жарамды қағидамен ауыстыруға барлық күштерін салатынымен келісті.

3. Тараптар арасындағы барлық даулар, наразылықтар мен қайшылықтар келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар арасында келісім жетілмесе, осындай даулар, наразылықтар мен қайшылықтар Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасының тиісті құзыреттегі соттармен шешілуге жатады.

## **XIX. Қорытынды ережелер**

1. **Құқықтар мен міндеттемелерден шегіну.** Егер Тараптар өзгені жазбаша келіспесе, Банк осы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен табыстауға немесе аударуға құқылы. Клиенттің Банктің алдын-ала келісімінсіз Шартқа байланысты кез келген құқықтары мен міндеттемелерін табыстауға немесе аударуға құқығы жоқ. Осы Баптың бұзушылығымен осындай табыстау немесе аударудың кез келген талпыныстары заңды күш пен салдарға ие емес. Осы Талаптар мен Шарт Тараптар, олардың құқықтық мұрагерлері мен Уәкілетті тұлғалары үшін міндетті болып табылады.

2. **Шарттың тұтастығы.** Осы Талаптар, Шарт пен Тарифтер Тараптардың толық өзара келісімге келгендігі білдіреді және Клиенттің Шотын ашу, жүргізу мен жабу тәртібіне қатысты Тараптар арасындағы барлық бұрынғы жазбаша немесе ауызша келісімдерді алмастырады.

3. **Тақырыптар.** Баптардың атаулары және осы Талаптар мен Шарттағы басқа тақырыптар ыңғайлы болу үшін пайдаланылған және оларда осы құжаттардың қандай болмасын ережелерінің шектеулері, сипаттаулары немесе түсіндірмелері берілмейді.

4. **Талаптарды / Тарифтерді өзгерту.** Банктің өз қарауында осы Талаптар мен Тарифтерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу құқығы бар және ол Клиентті бұл туралы олардың күшіне енуіне дейін кем дегенде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарландыруы тиіс. Бұл ретте, Қолданыстағы заңнамадағы өзгерістерге сәйкес енгізілетін өзгерістер заңды күшке дереу енуі мүмкін. Хабарлау Клиентке жазбаша хабарландыруды жолдау (Клиенттің осындай хабарландыруды алғанын растау қажет емес) арқылы немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, немесе Үзіндіге қосымша ақпарат енгізу арқылы, немесе Банктің веб-сайтында орналастыру арқылы іске асырылады. Клиент өзгерістермен келіспеген жағдайда, ол Банкке осы туралы жазбаша нысанда хабар беріп, Шартты осы Талаптардың XIII Тарауында ескерілген тәртіппен және ережелердің сақталуымен бұзуға құқылы.

5. **Тілі.** Осы Талаптарға/Шартқа қатысы бар барлық құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Құжаттар ағылшын тілінде де жолдануы мүмкін. Алшақтық бар болған жағдайда Талаптардың/Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басымдылық күшіне ие болады. Мәлімдемелер, Клиенттің нұсқаулары, Талаптар мен Шарт Клиентпен оған қолайлы үш тілдің кез келгенінде толтырылып қол қойылуы мүмкін.

№1 Қосымша

### **Банкке Сізден қандай құжаттар қажет?**

Шотты ашу үшін Банкке келесі құжаттар қажет:

- Тиісті түрде қол қойылып және мөрмен бекітілген Банктік шот Шарты.
- Әр шотқа екі тиісті түрде толтырылған қолтаңба үлгілері бар құжат. Қолтаңба үлгілері бар құжаттардың нотариус куәландырған екі көшірмесін ұсынуыңызды сұраймыз немесе қолтаңба үлгілері бар құжатқа енгізілген тұлғалар қолдарының және мөрдің баспа-таңбасының түпнұсқалығын қолтаңба және мөр баспа-таңбасының үлгілері бар құжатқа енгізілген тұлғалардың жеке қатысуымен Банктің Уәкілетті тұлғалары растайды.
- Шоттарды ашуға, жабуға және иелік етуге уәкілетті барлық тұлғалардың төлқұжаттар/жеке бас куәліктерінің көшірмелері. Көшірменің анықтығын растау үшін құжаттың түпнұсқасын ұсынуыңызды немесе құжаттың нотариус арқылы куәландырған көшірмесін ұсынуыңызды сұраймыз. Шетел азаматтары үшін, төлқұжаттың нотариус куәландырған төлқұжат аудармасын ұсынуларын сұраймыз.

- Шот бойынша қосымша құжаттамалар. Сіздің заңды мәртебеңізге орай осындай құжаттамалар әртүрлі болуы мүмкін.

### **Қолданыстағы заңнамаға сәйкес құжаттар жиынтығы бойынша негізгі ақпарат**

- ◆ **Сенімхат.** Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сенімхат 3 жылдан аспайтын мерзімге шығарылуы мүмкін. Сенімхатта қолданылу мерзімі анықталмаған жағдайда, ол шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде жарамды болып табылады. Шығарылған мерзімі көрсетілмеген сенімхат жарамсыз болып табылады.

Бірінші басшыға Клиенттің жалпы акционерлер/қатысушылардың жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің тұлғаға Клиент атынан қимылдауға уәкілеттік беру туралы шешімі қажет.

Қолданыстағы заңнама банктік шоттың әртүрлі тұрпаттарын ескереді. Осыған байланысты, шоттың белгілі түрін ашуға өкілеттік берген жағдайда, сенімхатта осындай түрге сілтеме көрсетілуі тиіс. Клиент өзінің Уәкілетті тұлғасына шоттардың кез келген тұрпаттарын ашуға өкілеттік беруге ниеттенген жағдайда, «банктік шоттарды ашу» тұжырымдамасын қолданған жөн. Сондай-ақ, Сенімхатта банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу құқығын қамтитын банктік шоттарға иелік ету құқығын көрсету ұсынылады.

Егер сенімхат мәтінінде Уәкілетті тұлғаның кез келген мәмілелерді жасасуға немесе кез келген шарттарға қол қоюға құқығы бар деп анықтап айтылса, осындай сенімхат шоттарды ашуға жеткілікті өкілеттік болып табылады.

- ◆ **Қолтаңба үлгілері бар құжат.** Қолтаңба үлгілері бар құжаттар тиісті түрде толтырылып, қол қойылып, нотариус куәландырған болуы тиіс немесе қолтаңба үлгілері бар құжатқа енгізілген тұлғалар қолдарының және мөрдің баспа-таңбасының түпнұсқалығын қолтаңба және мөр баспа-таңбасының үлгілері бар құжатқа енгізілген тұлғалардың жеке қатысуымен Банктің Уәкілетті тұлғасы растайды. Бұл ретте Клиенттің тек ресми мөрі пайдаланылуы мүмкін. Арнайы мақсаттағы қолданысқа арналған мөрлерді (мысалы, “Анықтама үшін”, “Көшірмелер үшін”, “Қызметкерлер құрамымен жұмыс жүргізу басқармасы”, және т.б.) пайдалануға рұқсат етілмейді. Егер, қол қоятын тұлғаның өкілеттігі шектелсе, немесе қолтаңбалардың белгілі қиыстырулары белгіленсе, Клиент Банкке анық нұсқауларды қамтитын хатты жолдауы қажет.

Қолтаңба үлгілері бар құжат Алғашқы және Екінші қол қою құқығын ұсынады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Алғашқы қол қою құқығын Клиенттің бірінші басшысы немесе ол Өкілеттік берілен басқа тұлға, ал Екінші қол қою құқығын - Бас Бухгалтер немесе басқа қызметкер иемденеді. Екінші қолтаңбаның бар болуы міндетті емес. Екінші қолтаңбаға енгізілген тұлғалардың жеке-дара қол қою құқығы жоқ екендігін есте сақтау қажет.

Қолтаңба үлгілері бар құжатта көрсетілген Уәкілетті тұлғалардың лауазымдары өкілеттік беру туралы тиісті құжаттармен толығымен сәйкес келуі тиіс. Сенімхат уәкілетті тұлғаның лауазымына сілтемеге қамтымаған жағдайда, Клиент Уәкілетті тұлғаның Қолтаңба үлгілері бар құжатта көрсетілген лауазымға тағайындалғанын растайтын ішкі бұйрықты да ұсынуы тиіс.

Алғашқы қол қою құқығы бар тұлға жайында Банкке Шотты пайдалану өкілдігін беретін құжат және лауазымға тағайындалғанын растайтын құжат қажет (екі факт бір құжатпен расталуы мүмкін).

Екінші қол қою құқығы бар тұлға жайында тек лауазымға тағайындалғанын растайтын құжат ғана қажет. Уәкілетті тұлғалар құрамына өзгерістер орын алған жағдайда Қолтаңба үлгілері бар құжат алмастырылуы тиіс (Қолтаңба үлгілері бар құжатта бірнеше Уәкілетті тұлға көрсетілген жағдайда). Екінші қол қою құқығын иемденетін тұлға болып бас бухгалтер табылған жағдайда, Клиентке тек лауазымға тағайындалғаны туралы құжатты ұсыну қажет. Басқа лауазымдардағы тұлғалар үшін оларға Екінші қол қою құқығы берілетін бұйрық ұсынылуы тиіс.

- ◆ **Филиал/Өкілдік Басқарушысының Өкілеттігін Растайтын Құжат.** Филиал/Өкілдік Басқарушыларынан бас компания филиал/өкілдік басқарушысына Банктік шорт жасасуға; Шотты ашуға, жүргізуге және жабуға өкілеттік беретін құжатты ұсыну талап етіледі.

- ◆ Біз *Уәкілетті тұлғаны немесе мәрді ауыстырған* жағдайда, сіз Банкке қолтаңба үлгілері бар жаңа, тиісті түрде толтырылған, мөр қойылған карточкаларды ұсынуыңыз қажет екендігін сіздің есіңізге саламыз.
- ◆ Сондай-ақ, *мәрдің жоғалғаны* немесе Уәкілетті тұлғаларды шектеткен/алмастырған жағдайда сіз бұл туралы Банкке дереу және тиісті түрде хабар беруіңіз қажет.
- ◆ Құжаттар Клиентпен Банкке қолайлы және Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келетін нысанда ұсынылуы тиіс. Қолайлы нысан болып Банкке құжаттардың анықтығын тексеру мүмкіндігін ұсынатын нысан табылады. Қолайлы болып Банктің Уәкілетті тұлғалары куәландырған көшірмелер (осы ереженің сондай-ақ Жарғыға, заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік/есеп тіркеу/қайта тіркеу туралы Анықтамаға және мемлекеттік органдардың куәліктері, лицензиялар және т.б. секілді Клиенттің заңды мәртебесіне немесе оның әрекетінің заңдылығына қатысты кез келген басқа құжаттарға да қатысы бар), немесе нотариус куәландырған көшірмелер табылады. Мысалы, егер бейрезидент Банкке сенімхат немесе өзге құжаттарды ұсынса, олар түпнұсқада қол қойылып және корпоративтік мөрмен басылып ұсынылуы тиіс, немесе нотариус куәландырған және орыс тіліне аудармасы бар Апостильмен бекітілген көшірмеде, немесе жергілікті нотариус (Қазақстан Республикасының нотариусы) куәландырған көшірмеде ұсынылуы тиіс. Құжат немесе құжаттағы қолтаңбалар шетел мемлекетінің нотариусымен куәландырылған жағдайда, осындай құжат Апостильмен бекітілуі немесе құжаттың заңдастырылуын растайтын мөртабанды қамтуы тиіс.

Құжаттар орыс тілінде ұсынылуы тиіс. Құжаттар басында басқа тілде жасалған жағдайда, нотариус куәландырған аударма қажет. Бұл ретте, Банкке өкілеттік беру туралы шешімдердің түпнұсқалары (соның ішінде сенімхат) берілген жағдайда, осындай құжаттар нотариалдық куәландыруды қажет етпейді. Көшірмелер ұсынылған жағдайда, олар нотариуспен куәландырылуы (бұл ретте, шетел мемлекетінің нотариусы куәландырған жағдайда, орыс тіліне аудармамен бірге Апостиль немесе консулдық заңдастыру қажет болады), немесе құжаттың түпнұсқасына қол қойған тұлғамен куәландырылуы және сол мөрмен басылуы тиіс.

Клиент басқа құжаттарға/шешімдерге сілтемемен өкілеттікерге шектеулерді қамтитын құжаттарды ұсынған жағдайда, Клиент Банкке осындай құжаттарды/шешімдерді ұсынуы немесе осындай шектеулерді сақтамағанға байланысты кез келген жауапкершілік Клиентке жүктелетін Клиенттің жазбаша растамасын ұсынуы тиіс.

Клиент заңды тұлғаны қайта тіркеуді іске асырған жағдайда, Клиенттің акционерлер/қатысушылар құрамындағы өзгерістер жағдайларынан басқа, Клиенттен оның басшысының өкілеттіктерін жаңарту немесе растау талап етілмейді.